

2. Фазылханов, Д. К. Некоторые вопросы цифровизации нотариальной деятельности в Республике Казахстан / Д. К. Фазылханов // Актуальные проблемы науки в исследованиях студентов, ученых, практиков : Сборник научных статей по итогам Международной научно-практической конференции. – Ижевск: Ижевский институт (филиал) ФГБОУВО «Всероссийский государственный университет юстиции», 2021. – С. 842-848.

3. Закон Республики Казахстан от 15 февраля 2021 года № 5-VII «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам нотариата» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37421977

4. О деятельности республиканской нотариальной палаты за 2021 год // Бюллетень нотариуса. – 2022. - №1. – С. 13-30

5. Бурибаев Е.А., Хамзина Ж.А. и др. Организация нотариата и нотариальной деятельности: опыт государств-участников Организации экономического сотрудничества и развития (ОЭСР): монография. - М.: БИБЛИО-ГЛОБУС, 2016. – 428 с.

6. Огурцов И. В Казахстане разрешат проводить нотариальные сделки без удостоверения личности [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://liter.kz/czifrovoe-udostoverenie-lichnosti-mozhno-budet-ispolzovat-pri-notarialnyh-sdelkah/>

7. Жанабилова А. Особенности нотариальной деятельности в условиях пандемии // Бюллетень нотариуса. – 2021. - №6. – С. 39-44

8. Жанабилова А. Нотариату Казахстана – 25 лет // Бюллетень нотариуса. – 2022. - №3. – С. 13-15

9. Жанабилова А. Электронную систему репозитория и электронного архива нотариуса создадут в РК [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://naqty.kz/kk/elektronnuyu-sistemu-repozitoriya-i-elektronного-arhiva-notariusa-sozhdadut-v-rk/>

10. Кочкина О. В. Зарубежный опыт становления и функционирования электронного нотариата / О. В. Кочкина, Ю. А. Тябина // Нотариус. – 2020. – № 5. – С. 42-44.

МІНДЕТТЕМЕНІҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ ҰСТАП ҚАЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Молдаш А.А., заң факультетінің магистранты, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ

Бүгінде ұстап қалу - міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету әдістерінің бірі. Аталмыш әдіс өзге әдістермен қатар отандық заңнама нормаларымен реттелгенімен, сот тәжірибесінде аталмыш дауларды шешуде әлі күнге дейін қиыншылықтар туғызады. Бұл жағдайдың орын алуының себептерінің бірі ұстап қалу институтының жаңалығында болып отыр [1; 9]. Яғни, ұстап қалу институты теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да әлі күнге дейін тиісті деңгейде зерттелмеген, отандық сот тәжірибесінде ұстап қалу дауларын қарастыруда тұрақты прецедент қалыптаспаған, ал борышкердің мүлкін ұстап қалуды реттейтін ҚР Азаматтық кодексіне көзделген нормалар оны қолдануда көптеген сұрақтар тудырады.

Отандық заңнамада борышкердің мүлкін ұстап қалу әдісіне міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің өзге әдістерімен салыстырғанда көп көңіл бөлінбеген: бұл институт Азаматтық кодекстің жалпы бөлімінде қарастырылған екі баппен ғана реттеледі (Кодекстің ерекше бөлімінде көзделген арнайы нормаларды қоспағанда). Әйтсе де, қазіргі уақытта азаматтық-құқықтық қатынас субъектілерінің арасында кең таралған институт «жаңа» болғанымен, аталмыш азаматтық-құқықтық қатынастың тамыры тереңде.

Борышкердің мүлкін ұстап қалу құқығы рим құқығынан (jus retentionis) бастау алады. Ұлыбританиялық ғалым А.Сильвертаун өзінің зерттеу жұмысында «азаматтық-құқықтық қатынас субъектілерінің көбісі өздері білмей, ұстап қалу институтын қозғайды» және өз пікірінің дәлелі ретінде келесі мысалды келтіреді: «...егер жолаушы өзінің аяқ киімін жөндеуге немесе көйлегін тазартуға беріп, қызметтің ақысы ретінде келісілген ақша қаражатын төлемеген жағдайда, онда қызмет көрсетуші аталған міндеттеме орындалғанға дейін затты ұстап қалуға құқылы» деп көрсеткен [1; 10]. Осы мысал ұстап қалу институтының заңнамалық тұрғыдан жаңаша тәсілі болып келгенімен, азаматтық-құқықтық қатынас субъектілерінің арасында ежелден келе жатқанын көрсетеді.

Қазіргі таңда құқықтық әдебиетте борышкердің мүлкін ұстап қалу міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету әдісіне қатысты ортақ пікір қалыптаспаған, сондықтан ұстап қалу құқығының құқықтық табиғатының түсінігі әр түрлі түсіндірілуде [2; 57]. Ғалымдардың бір тобы ұстап қалуды міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету әдістерінің біріне жатқызса, енді бірі – өз-өзін қорғаудың тәсілі ретінде, ал басқалары ұстап қалуды жедел шараның бір түрі деп түсінеді [2; 61]. Сондықтан ұстап қалу институтын зерттеу барысында оның құқықтық табиғаты мен мәнін, міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің өзге тәсілдерінен ерекшелігін қарастыруды қажет етеді.

Жалпы алғанда ұстап қалу институты отандық құқықта түрлі салаларда қолданылады. Алғашқы кезде азаматтық құқықтан бастау алған ұстап қалу, уақыт өте келе жалпы және жеке құқықта да өзінің көрінісін тапты. Мысалы, бүгінгі күні ұстап қалу шаралары азаматтық заңнамамен қатар кеден, әкімшілік заңнамасында да кездеседі. Алайда аталмыш екі түрлі құқық саласында қолданылатын ұстап қалуды теңестіруге болмайды, себебі жеке құқықта көзделетін ұстап қалу шарасы тек міндеттемеден туындаса, жалпы құқықпен (мысалы, кеден, әкімшілік құқықпен) реттелетін ұстап қалу жауапкершіліктің, жазалау шарасының бір түрі. Яғни азаматтық-құқықтық қатынаста орын алған ұстап қалу міндеттемеден туындайды және тараптарды тек жүктелген міндеттемелерді орындауға итермелейді, ынталандырады, себебі азаматтық-құқықтық қорғаудың негізгі мәні жазалау емес, өтемақы сипатында көрініс табуда. Демек ұстап қалу өзінің құқықтық табиғаты жағынан борышкерді өз міндетін тиісінше орындауға ынталандыруға және кредитордың мүдделерін қорғауды және жүзеге асыруды жеңілдетуге бағытталған [3; 104], осыдан борышкерге не борышкер көрсеткен тұлғаға берілуге тиіс зат қарамағында болған кредитор, борышкер осы заттың құнын төлеу немесе кредиторға оған байланысты шығындар мен басқа да залалдарды өтеу жөніндегі міндеттемені мерзімінде орындамаған жағдайда, тиісті міндеттеме орындалғанға дейін оны ұстап қалуға құқылы (ҚР АҚ-нің 338-бабының 1-тармағы). Аталған норманың ережелеріне сәйкес кредитор борышкерге тиесілі мүлікті соңғысы жүктелген міндеттемені орындамайынша заңды түрде ұстап қалады, сондықтан кредитордың ұстап қалу құқығын жүзеге асыру үшін бұл құқық келісім-шартта көзделуі міндетті емес [2; 62]. Себебі ұстап қалу азаматтық заңнамаға сәйкес біржақты мәміле (ҚР АҚ-нің 148-бабы) болып табылады, сәйкесінше аталмыш құқықты жүзеге асыру үшін тек бір тараптың ерік білдіруі қажет және жеткілікті, яғни екінші тараптың, біздің жағдайда борышкердің келісімінің қажеті жоқ [3; 104]. Яғни, ұстап қалу құқығы заңмен көзделетін міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету шарасы болғандықтан, аталмыш құқықтың шартпен көзделмеуі кредиторға өзінің құқықтарын жүзеге асыруға кедергі болмайды [3; 104]. Ұстап қалу құқығының шартпен көзделмеуі ұсталынатын заттың алдын ала анықталмайтынын білдіреді, демек ұстап қалу тәсіліне «кенеттік» (күтпегендік) белгілері тән. Осылайша ұстап қалу құқығы міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ететін өзге әдістерден ерекшеленеді, себебі ұстап қалу құқығының пайда болу негізі заңда көзделсе, өзге әдістердің (мысалы, кепілдің) пайда болу негізі басым жағдайларда шартта көзделуі тиіс (ҚР АҚ-нің 310-бабы).

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 338-бабына сәйкес борышкерге не борышкер көрсеткен тұлғаға берілуге тиіс зат қарамағында болған кредитор, борышкер осы заттың құнын төлеу немесе кредиторға оған байланысты шығындар мен басқа да

залалдарды өтеу жөніндегі міндеттемені мерзімінде орындамаған жағдайда, тиісті міндеттеме орындалғанға дейін оны ұстап қалуға құқылы. Ұстап қалу құқығының міндеттемені орындауды қамтамасыз ету нысанында, біріншіден, ынталандыру функциясын атқарады, сондықтан мүлікті немесе затты қайтару үшін борышкер жүктелген міндеттемені тиісінше орындауға тиіс. Яғни, борышкердің мүлкін ұстап қалу нысанындағы міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілінің пайда болу негізі міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) болып табылады.

Кредитор борышкерге қатысты өзінің ұстап қалу құқығын жүзеге асырған кезде, оның борышкерге немесе борышкер көрсеткен үшінші тұлғаға берілуге тиіс затты ұстап қалудан тұратын пассивті іс-әрекеттен көрінеді [4], яғни кредитор өзінің қарамағына борышкердің міндеттемені бұзу сәтінде немесе оның нәтижесінде заңды түрде өткен затты ұстап қалуға құқылы. Ұстап қалу тәсіліне ынталандыру функциясы тән болғандықтан, аталмыш «итермелеудің» әсері ұстап қалынған мүліктің немесе заттың борышкерге қажеттілігіне, оның мүліктік және мүліктік емес құндылығына тікелей байланысты, яғни ұсталынған зат борышкерге неғұрлым құнды болса, соғұрлым ол міндеттемені аз уақыт ішінде орындайды, сәйкесінше тез арада затты немесе мүлікті кредитордан талап етуге құқылы [3; 102]. Көңіл аударатын бір жайт, борышкерге тиесілі мүлік немесе зат кредитордың қарамағына заңды негізде өтуі керек, кредитор заңсыз иеленген (мысалы, ұрланған) затты борышкерді міндеттемені орындауға ынталандыру мақсатында ұстап қала алмайды, әсіресе ол заттың құнынан өзінің талаптарын қанағаттандыруға құқығы жоқ, яғни кредитор оның қарамағына тек заңды түрде өткен борышкердің мүлкін ұстап қалуға құқылы [2; 62].

Кредитор ұстап қалу құқығын жүзеге асыру барысында іс жүзінде борышкердің мүлкіне иелік етеді, алайда бұл жағдайда кредитордың тарапынан ерік аспектісінің көрінісі жоқ. Себебі кредитор борышкердің мүлкін өзінің қалауымен, тілегімен, ұмтылысымен емес, өзінің белгілі бір мүдделерін қорғау мақсатында иеленуге мәжбүр болады. Егер ұстап қалу тәсілі міндеттеменің орындалуына ықпалын тигізбеген жағдайда, кредитор өзінің талаптарын ұстап қалынған мүліктен қанағаттандыруға құқылы (ҚР АҚ-нің 338-2 бабы).

Ұстап қалу тәсілін реттейтін нормаларды зерттеу барысында заңнамадағы дефинициялар нақты анықтаманы берудің орнына көптеген сұрақтар тудыратынын байқауға болады. Мысалы, отандық заңнама нормалары кредиторға борышкерге тиесілі және оған берілуге жататын затты міндеттеме тиісті түрде орындамайынша оны ұстап қалу құқығын көздейді, яғни ұстап қалу құқығының объектісіне борышкерге тиесілі зат, азаматтық заңнамаға сәйкес зат немесе мүлік (ҚР АҚ-нің 338-1-бабы) жатады. Егер кепілдің мәні заңмен тура көзделсе (кез келген мүлік, оның ішінде айналымнан алынған заттарды (осы Кодекстің 116-бабының 2-тармағы), кредитордың жеке басымен тығыз байланысты талаптарды, атап айтқанда алименттер, өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды және оларды басқа тұлғаға беруге заңнамалық актілермен тыйым салынған өзге де құқықтарды қоспағанда, заттар және мүліктік құқықтар (талаптар) кепіл мәні болуы мүмкін (ҚР АҚ-нің 301-бабының 1-тармағы) [3; 104], ұстап қалудың мәні мен заттың түрлеріне қатысты талаптар заңмен мүлдем қарастырылмаған, сонымен қатар ешқандай шектеулер қойылмаған. Ал борышкердің мүлкін ұстап қалудың мерзіміне келетін болсақ, Азаматтық кодексте мерзім нақтыланбай, тек «кредитор борышкердің мүлкін тиісті міндеттеме орындалғанға дейін оны ұстап қалуға құқылы» делінген. Яғни, кредитор борышкердің мүлкін міндеттеме орындалғанға дейін ұстап қалуға толығымен құқығы бар. Алайда, мерзім заңмен тиісінше реттелмегенімен, кредитордың затты мерзімсіз уақыт аралығына ұстап қалуға құқығы жоқ, себебі ұстап қалу құқығының негізгі функциясы -борышкерді жүктелген міндеттемесін орындауға итермелеу болып табылады. Егер борышкер кредитор

тарапынан қолданылған шараларға қарамастан, белгілі бір уақыт аралағында міндеттемені орындамаған жағдайда, кредитор ұстап қалынған затты борышкерге не борышкер көрсеткен тұлғаға қайтаруға не ұсталынған заттың құнынан өзінің талаптарын қанағаттандыруы тиіс (көрсетілген екі жағдайда да ұстап қалу құқығы тоқтатылады). Бірақ борышкердің мүлкіне қатысты ұстап қалу құқығын ұзақ уақыт бойы қолданған немесе қамтамасыз етілген мүлікті өзінің талаптарын қанағаттандыру мақсатында тиісті іс-әрекеттер жасамаған кредиторға заңнама нұсқаулар мен шараларды көздемейді, яғни аталмыш жағдай Азаматтық кодекспен мүлдем қарастырылмаған және реттелмеген, сәйкесінше ұстап қалу құқығымен қамтамасыз етілген мүліктің заңнамалық тағдыры да анықталмаған. Азаматтық-құқықтық қатынаста мұндай мәселе орын алған жағдайда ұсталынған зат борышкердің талабымен талап етілуі мүмкін (дегенмен борышкер міндеттемені орындауға тиіс), егер тараптар тарапынан бұндай әрекеттер орын алмаған жағдайда, қамтамасыз етілген мүлік иелену мерзімі нормаларына сәйкес кредиторға ауысуы мүмкін [5]. Алайда бұл аталмыш жағдайдың болжалды жүру үдерісі, себебі отандық заңнама аталған жағдайды шешу жолдарын көздеген жоқ, соның нәтижесінде бүгінде сот тәжірибесінде борышкердің мүлкін ұстап қалу нысанындағы дауларды шешуде үлкен қиыншылықтар туындауда.

Ұстап қалуға қатысты қазақстандық сот тәжірибесінде орын алып жатқан жағдайлар, өкінішке орай, азаматтық заңнамадағы олқылықтардың ғана емес, сонымен қатар соттардың құқықтық нормаларға тиісінше түсінік бермеуінің және оларды дұрыс қолданбауының, отандық судьялардың және заңгерлердің кәсіби біліктілігінің жоқтығының, соттардың сот істерін қарау тәжірибесінің бірізділігін бұзуының және сақтамауының, қоғамдағы құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің төмен деңгейде болуының нәтижесінде орын алуда деген қорытындыға келуге болады.

Әдебиетер тізімі:

1 Сарбаш С. В. Право удержания как способ обеспечения исполнения обязательств. - М.: Статут, 2003. - 251 с.

2 Якушина Л.Н. Удержание в системе способов обеспечения исполнения обязательств: дис.канд.юр.наук. – Самара: Самар.гос.эконом.академия, 2001. - С.57.

3 Идрышева С.К., Касымканова С.К. Азаматтық заңнама бойынша кредитор борышкердің мүлкін ұстап қалу негіздері және тәртібі // ҚР Әділет министрлігінің жаршысы – 2019. - №3(28) - С.104.

4 Удержание как способ обеспечения исполнения обязательств 21.02.2020 ж. // <https://neg.by/novosti/otkrytj/uderzhanie-kak-sposob-obespecheniya-ispolneniya-obyazatelstv>

5 Постатейный комментарий главы 23 ГК РФ. Обеспечение исполнения обязательств /Под ред. П.В. Крашенинникова, Б.М. Гонгалло. 21.02.2020 ж. // http://av-ue.ru/komment23.php?d=koment23_359.htm

ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ОБРАЩЕНИЯ И УТИЛИЗАЦИИ МЕДИЦИНСКИХ ОТХОДОВ В КАЗАХСТАНЕ В ПЕРИОД ПАНДЕМИИ COVID-19

Нукушева А.А., к.ю.н., профессор, юридический факультет КарУ им. Е.А. Букетова

Одной из актуальных проблем, стоящих перед обществом в настоящее время, являются многочисленные проблемы и недостатки в области правового регулирования обращения и утилизации медицинских отходов в Казахстане. Как отмечает координатор по науке и политике организации Health Care Without Harm Рут Стрингер, «в условиях пандемии COVID-19 устойчивая утилизация медицинских отходов крайне важна для